«Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ-сі

Монополияға қарсы органның Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылындағы сумен жабдықтау және су құбыры жүйелерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметін ұйымдастыру бойынша ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы

Ақтау қаласы

03.04.2025 жыл

Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне Бейнеу аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі ММ-нің басшысы Ж. Салиевтан 2025 жылғы 2 сәуірдегі № 01-19-144 шығыс санды Монополияға қарсы органның Бейнеу ауылындағы сумен жабдықтау/су құбыры жүйелерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету жөніндегі көрсетілетін ұқсас қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы бойынша қорытындысын беру туралы өтінішхаты *(бұдан әрі - Өтінішхат)* келіп түсті.

Өтінішхат, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі № 190/НҚ бұйрығымен бекітілген «Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы корытынды беру қағидаларына» сәйкес қаралды *(бұдан әрі - Қағида)*.

Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру мақсаты: «Бейнеу аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ теңгеріміндегі сумен жабдықтау/су құбыры жүйелерін техникалық қамтамасыз ету қызметін ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуді бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырыудың себептері келесідей:

1. Аталған құбырлар арқылы Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бейнеусусервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны *(бұдан әрі - Кәсіпорын)* Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы халқының 95% ауыз су беру және кәріз қызметтерімен қамтамасыз етіп отыр;

2. Кәсіпорынның аталған құбырларды күтіп ұстауға толықтай материалдық техникалық базасы мен мамандары жеткіліктілігі;

3. Бейнеу ауданындағы ауыз су беру қызметімен айналысатын «Қазсушар» РМК филиалы, «Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС және ЖК «Тұрдыбекова» құбырларды күтіп-ұстау қызметін жүзеге асырмайды.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарланатын тауар нарығының шекаралары: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алудың жоспарланған көлемі: Мекеме теңгеріміндегі су құбырының ұзындығы

381 шақырым; кәріз желісінің ұзындығы 9,78 шақырым. Құбырларды күтіп-ұстауға 1 *(бір)* жылға қажетті қаражат көлемі 180 000 000 теңге.

Әлеуетті өнім берушіден сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді көрсету кезеңі: 01.01.2025 – 31.12.2025 ж.ж.

Негізгі бөлім

Қағиданың 1 тарауының 7 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру кезінде *көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу жоспарланатын* тауар нарығы және оның географиялық шекаралары айқындалады.

Осыған байланысты, тауар нарығы және оның географиялық шекаралары Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылының аумағы болып анықталды.

Қорытынды бөлім

Қағиданың 2 тарауының 6 тармағының 1 тармақшасына сәйкес Уәкілетті орган қорытындыны беру кезінде жеке зерттеулері пайдалана алады делінген.

Өтінішхаты қарау барысында, Департаментпен Бейнеу аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің бөлімнен 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 01-19-207 шығыс санды және 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 01-19-670 шығыс санды Бейнеу аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің түскен Өтінішхаттарды қарау кезінде алынған ақпараттарды пайдаланды.

Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлтық статистика бюросының Маңғыстау облысы бойынша департаментімен ұсынылған ақпаратқа сәйкес, сумен жабдықтау және кәрізбен жабдықтау желілерін күтіп ұстау қызметін ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету қызметінің «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші» (ЭҚЖЖ) келесідей анықталды: 36.00.0 – «Суды жинау, тазарту және бөлу», 37.00.1 «Су бұру (кәріз) жүйелерінің желілері мен имараттарын пайдалану»), 43.22.0 – «Сумен жабдықтау, жылыту және ауа баптау жүйелерін монтаждау».

Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросының Маңғыстау облысы бойынша департаменті ұсынған ақпаратқа сәйкес, Бейнеу ауданы аумағында:

- «Суды жинау, өңдеу және бөлу» *(ЭҚЖЖ – 36.00.0)* қызмет түрімен айналасатын 1 заңды тұлға тіркелген *(ШЖҚ «Бейнеусервис» МКК, ЖК Каиржанова Айнур, ЖК Бекджанов)* тіркелген;
- «Су бұру (кәріз) жүйелерінің желілері мен имараттарын пайдалану» *(ЭҚЖЖ-37.00.1)* - 1 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген;
- «Сумен жабдықтау, жылыту және ауа баптау жүйелерін монтаждау» *(ЭҚЖЖ-43.22.0)* - 2 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген *(«Астр строй» ЖШС, ЖК Төребаева Айгерім Әбдікәдірқызы)*.

Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті ұсынған ақпаратқа сәйкес, Бейнеу ауданы аумағында:

- «Суды жинау, өңдеу және бөлу» *(ЭҚЖЖ-36.00.0)*- 3 кәсіпкерлік субъектісі;
- «Су бұру (кәріз) жүйелерінің желілері мен имараттарын пайдалану» *(ЭҚЖЖ-37.00.1)* – айналысатын салықтөлеушілер тіркелмеген;
- «Сумен жабдықтау, жылыту және ауа баптау жүйелерін монтаждау» *(ЭҚЖЖ-43.22.0)* қызмет түрімен 4 заңды тұлға тіркелген *(«Астр строй» ЖШС, «Бейнеужылу» МКК, «Батыс газ аймақ» ЖШС-нің Ақтау қаласы және Маңғыстау облысы бойынша филиалы, «Шырақ-ПВ» ЖШС)* және 7 дара кәсіпкер тіркелген *(Елубаева Жанаргул Койшыбековна, Ордабаев Нурдаулет Орынбасарович, Таргинов Сланбек Танатарович, Кулчанбаев Калыбай Алимбаевич, Бекназарова Карылгаш Саткалиевна, Төребаева Айгерім Әбдікәдірқызы, Коштаев Жайлган Таубаевич)*.

Департамент мемлекеттік органдармен ұсынылған ақпаратты зерделеу барысында Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы аумағы бойынша 11 нарық субъектісі анықталды.

Департамент Қағидалардың 2 тарауының 6 тармағының 1 тармақшасына сәйкес өз зерттеулерінің нәтижелерін пайдаланып, нарық субъектілерінің «Суды жинау, өңдеу және бөлу» *(ЭҚЖЖ-36.00.0)*, «Су бұру (кәріз) жүйелерінің желілері мен имараттарын пайдалану» *(ЭҚЖЖ-37.00.1)* және «Сумен жабдықтау, жылыту және ауа баптау жүйелерін монтаждау» *(ЭҚЖЖ-43.22.0)* қызмет түрлері бойынша қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ екендігі және жоспарламағандығы еспке алынды.

Осылайша, Департаментпен ұсынған ақпаратты зерделеу барысында, Бейнеу ауылындағы әлеуетті өнім берушіден сатып алынатын сумен жабдықтау/су құбыры жүйелерін техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бойынша көрсетілетін ұқсас қызметтерді көрсету кезеңінде *(01.01.2025 – 31.12.2025 жж.)* осы қызметтерді көрсетуге дайын жеке кәсіпкерлік субъектілері анықталған жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Департамент Бейнеу ауылындағы сумен жабдықтау/су құбыры жүйелерін техникалық қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін ұқсас қызметтерді көрсету кезеңінде өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін хабарлайды.

Басшы м.а. **А. Есимханов**

Тексерді:
Бәсекелестікті дамыту
Бөлімінің басшысы **Д. Рахимова**

Орындаушы:
Бәсекелестікті дамыту
бөлімінің бас маманы **А. Бакытов**